



БЕКІТЕМІН
Басқарма төрағасы
«Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ
Ханин О.А.
2025 жылдың "29" мамыры

2025 жылдың 29 мамырында өткен

"Коммекс-Өмір" ӨСК" АҚ акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы

"Коммекс-Өмір" ӨСК" АҚ директорлар Кеңесі 2025 жылдың 29 мамырында өткен акционерлердің Жылдық жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы туралы ақпараттандырады.

Күн тәртібі сұрақтары бойынша қарсы дауыс бергендер немесе жауап беруден бас тартқандар жоқ. Күн тәртібі сұрақтары бойынша дауыс беру қорытындысы бойынша келесі шешімдер бір ауыздан қабылданды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін. 2024 жылға арналған аудиторлық есептілік назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2024 жылдағы қаржылық нәтижесін назарға алып, 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд есептелмесін және төленбесін.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: 2024 жыл үшін Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық ұйымы «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2025 жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша аудит жүргізетін аудиторлық ұйым болып белгіленсін.

Күн тәртібіндегі 5-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесінің инвестициялық қызметтен түскен пайданың бір бөлігін сақтанушылар арасында 2025 жылға арналған сақтандыру дивидендтері түрінде бөлу туралы шешімі мақұлданды. «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі инвестициялық табыс болған жағдайда инвестициялық қызметтен түскен пайданы сақтанушылар арасында сақтандыру дивидендтері түрінде жыл сайын бөлуді қамтамасыз етсін.

Күн тәртібіндегі 6-шы мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: 1. Актуарий жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтерінің түпкілікті есебін дайындасын.

2. Директорлар кеңесі сақтандыру шарттарының талаптарын сақтау үшін Компанияның қызметінен түскен пайданың бір бөлігінің мөлшері және оны «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ жинақтаушы өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтерін есептеу тәртібіне» сәйкес жасалған Актуарийдің түпкілікті есебіне сәйкес 2024 жылдың қорытындысы бойынша қолданыстағы жинақтаушы өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері түрінде сақтанушылар арасында бөлу туралы шешім қабылдасын.

Күн тәртібіндегі 7-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты акционерлердің жүгінбегені туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 8-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: 1. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерімен және Қоғамның үлестес тұлғаларымен міндетті сақтандыру шарттары бойынша шарттарды заңнамада белгіленген талаптармен, ерікті сақтандыру шарттары бойынша – Қоғамның Сақтандыру қағидаларында белгіленген талаптармен, басқа сақтанушыларға қойылатын шарттардан, құқықтар мен міндеттерден ерекшеленбейтін құқықтары мен міндеттері көзделген түрде жасасын.

2. Аталған мәмілелердің жасалғаны туралы ақпаратты www.dfo.kz сайтында және Қоғамның өз сайтында орналастырған кезде шарттың жасалған күні мен нөмірі, сондай-ақ сақтандыру нысаны туралы ақпарат қана жариялансын.

3. 1 және 2-тармақтарда көрсетілген шешімдер «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшелерімен және үлестес тұлғалармен 2025–2026 жылдарға мәмілелер жасасуы туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері болып есептелсін.

Күн тәртібіндегі 9-шы мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: 1. «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 15-1-бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-мен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен сақтандыру мәмілелерін сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен жасалатын осындай мәмілелерге қолданылатын осындай мәмілелердің стандартты шарттарына сәйкес қана жасасын.

2. Қоғамның үлестес тұлғаларымен бұрын жасалған мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелердің мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ мәмілелерді жаңа мерзімге бұрынғы талаптармен шарттарға немесе қосымша келісімдерге қол қою жолымен жасасын.

3. Қоғамның үлестес тұлғаларымен Қоғамның сақтандыру, кәсіпкерлік және инвестициялық қызметін қолдау үшін қажетті шарттар заңнамада және шарттарда айқындалған талаптармен және қызметті (жұмысты, тауарды) ұсынатын тарап белгілеген тарифтер бойынша жасалсын.

4. Қоғам биржалық сауда-саттыққа қатысқан және оның нәтижесі бойынша мәмілелер жасалуына мүдде бар мәмілелер деп танылуы мүмкін болған жағдайда мәмілелер биржалық сауда-саттықта айқындалған шарттармен жасалсын.

5. Егер Қоғам мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені (шартты) жасасқанда онда банктік құпияны, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер қамтылса, Қоғамның мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені (шартты) жасауы туралы ақпаратты www.dfo.kz интернет-сайтында және Қоғамның өзінің сайтында орналастырған кезде шарттың атауы, күні және нөмірі (бар болса) ғана жариялансын.

6. 1-5-тармақтарда көрсетілген шешімдер «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2025–2026 жылдарға мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуы туралы «Коммекс-Өмір» ӨСК» Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері болып есептелсін.

Күн тәртібіндегі 10-шы мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша Тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдау назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 11-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: 1. Жаңа редакциядағы И-127 «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі», П-24 «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже», И-59 «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу сондай-ақ материалдық ынталандырудың басқа да түрлері жөніндегі ішкі саясат» 2025 жылдың 1 сәуірінен бастап бекітілсін.

2. 29.05.2024 жылғы акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімдерімен бекітілген И-127 «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі», П-24 «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже», И-59 «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу сондай-ақ материалдық ынталандырудың басқа да түрлері жөніндегі ішкі саясат» күшін жойған деп танылсын.

Күн тәртібіндегі 12-ші мәселе бойынша:

	Дауыс беретін акциялардың саны	Акциялардың жалпы санынан %
«ҚОЛДАДЫ»	111 707	91,27

Қабылданған шешім: «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ атауын өзгерту туралы мәселе қараусыз қалдырылсын.